

III а дәрежесіндегі күйік

Эпидермис сондай-ақ, дерманың емізікше және торлы қабаты зақымдалады. Шаш фолликулалары, тер бездері, басқа да дериваттар зақымдалмаған. Күйіктің беті көпіршіктер түрінде, немесе қабықша (струп) түрінде көрінуі мүмкін кей жағдайларда екеуі қатар жүреді. Көпіршіктердің көлемі әр түрлі болуы мүмкін. Көпіршіктердің іші сары қоймалжың сұйықтыққа толы болады.

Күйіктік жараның түбі (көпіршік астында) ақшыл-қызыл түсті, ылғал. Ауырсыну сезімталдылығы толықтай сақталған немесе аздап төмендеуі де мүмкін. Қабыршақ(струп) түсі ақшыл сары немесе қоңырқай. Оның беткейі эластикалық, ауырсыну сезімталдылығы төмендеген, тактильділігі сақталған. Жараның өздігінен 4-6 апта ішінде эпителизациялануы мүмкін. Аздаған тыртықтар қалады. Кейде келоидты тыртықтар түзіледі, ол функциональды бұзылуларға әкеледі.

Емі.

Емнің нәтижелі болуы үшін, жараның жазыуының биологиялық заңдылықтарын білу міндетті қағида болып табылады. Күйіктік жараның емдеуде негізгі 3 фазаны ескерген дұрыс:

- Қабыну
- Регенерация
- Эпителизация

Қабыну сатысы-некроздалған массаның еруі және жара беткейінің тазаруымен сипатталады.

Регенерация сатысы-дәнекер тіндік элементтердің пролиферациясы. Жараның түбі мен қабырғаларында жас , қан тамырға бай грануляциялық тін дамиды.

Эпителизация сатысы-тыртықтың түзелуі және жараның толықтай жазылуы.

Жараның жазылуының әр түрлі сатыларында қолданылатын түрлі терапия принциптері қолданылады. Сол себепті жергілікті препараттардың да түр-түрі қолданылады.

Бірінші сатыда алғашқы көмек көрсетілгенен кейін, бактериальді инфекцияның дамуының алдын алу қажет, ол үшін антибактериальді және антисептикалық заттар қолданылады. Кейіннен жара некроздалған тіннен тазарғаннан кейін, тіндердің жылдамдатылған регенерациясына көңіл бөлу керек.

Жалпы дәрі-дәрмектерді 3 топқа бөліп қарастырғанымыз дұрыс.

- Антибактериальді препараттар;
- Тіндердің регенерациясын тездететін құрамдар;
- Композициялық құрамдастар.

Эффективті және жиі қолданылатын жергілікті препараттар:

- ✓ 1ші топ. Антибактериальді препараттар. Бұл топқа антибиотиктер мен антисептиктер кіреді.

Антисептиктер:

- Йод препараттары: йодиол, бетадин, вокадин (жақпа)
- Құрамында аммоний тұздары бар препараттар: роккал (ерітінді), катапол, этоний
- Күміс құрамды препараттар: жоғары дисперсті коллоидты негізде жасалған-повиаргол жақпа немесе гель түрінде; сульфадиазин күмісі негізіндегі-сильведерм (жақпа), дермазин.

2ші топ. Жазылуды стимуляциялайтын препараттар:пантенол (аэрозоль);солкосерил;актовегин;прополис.

3ші топ. Композициялық құрамдастар:олазоль,левамеколь, аргакол,ампровизоль.

Кейбір заманауи препараттардың